

БЕКІТЕМІН

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»
КеАҚ басқарма төрағасы - ректор

А.М. Наметов

« 04 » 2024 ж.





ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ ШЕБЕРІНІҢ

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ

СМЖ.07.ЛН.109

№ 06 басылым

№ ___ дана

Дайындалды: 29.02.2024ж. Кубашева Ж.К. 	Келісілді: 01.03.2024ж. Губашев Н.М.  Ихсанов Е.Б.  Таскалиев Е.К. 	Енгізілді: 04.03.2024ж. СМЖ.05.ЛН.109 13.09.2021 ж. орнына Қайта каралуы: 04.03.2024ж.
---	--	---

Мазмұны:

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

1. Бағыты

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес дайындалды.

2. Қолдану саласы

Бұл нұсқаулық өндірістік оқыту шеберіне арналған.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1. Өндірістік оқыту шебері:

3.1.1. Өндірістік оқыту бойынша практикалық сабақтар мен оқыту-өндірістік жұмыстарды жоспарлайды, өткізеді және олардың орындалуын қамтамасыз етуге;

3.1.2. Білім алушыларды жұмыстарды орындаудың, жабдықтарды пайдалану мен қызмет көрсетудің, еңбек ұйымдарының озат нысандарын, материалдық және энергетикалық ресурстарды ұқыпты жұмсаудың тиімді тәсілдері мен амалдарына үйретуге;

3.1.3. Өндірістік оқытуды жоспарлау, есепке алу және есеп беру жөніндегі құжаттамаларды жүргізуге;

3.1.4. Оқу зертханаларын жабдықтармен және аспаптармен, материалдармен, қосалқы бөлшектермен және оқыту құралдарымен уақытында қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануға;

3.1.5. Технологиялық құжаттамаларды, сызбаларды және т.б. дайындауға;

3.1.6. Оқу процесінде ғылыми-әдістемелік ұсынымдарды, озат педагогикалық және өндірістік тәжірибелерді қолдануға;

3.1.7. Материалдық жауапты тұлға ретінде аудиториялардағы және зертханалардағы материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етіп, оларды есепке алуға;

3.1.8. Жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі мен өндірістік санитария жөніндегі талаптарды сақтауға;

3.1.9. Университет Жарғысын білуге және Ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;

3.1.10. Институтта СМЖ сақталуын өз өкілеттігі шегіде қамтамасыз етуге;

3.1.11. Бекітілген аудиториялардың жай-күйін және олардың тиісінше көрнекілік құралдармен безендірілуін, сабаққа қажетті жабдықтар мен құралдардың жұмыс қалпында болуын қамтамасыз етуге міндетті.

3.2 Бағыныштылығы:

3.2.1. Өндірістік оқыту шебері Басқарма-төрағасы ректордың бұйрығымен жұмысқа қабылданады және босатылады;

3.2.2. Өндірістік оқыту шебері институт директорының ОӘЖЖ орынбасарына тікелей бағынады.

3.3. Өндірістік оқыту шебері:

3.3.1. Қазақстан Республикасының Конституциясын;

3.3.2. Мәлімет үшін жіберілген Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығын, ҚР Парламентінің нормативтік-құқықтық актілерін және ҚР Білім және ғылым министрлігінің, ҚР ауыл шаруашылық министрлігінің нұсқаулары мен бұйрықтарын;

3.3.3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын;

- 3.3.4. Қазақстан Республикасының ЖОО-ның қызметін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін;
- 3.3.5. ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджмент жүйесі .Талаптарын;
- 3.3.6. Университет Жарғысын және Ішкі тәртіп ережелерін;
- 3.3.7. Талдау, сынау және басқа да зерттеу түрлерін жүргізу әдістемелерін;
- 3.3.8. Зертханалық жабдықтар, есептеу техникалары және бақылау өлшеу құрылғыларының пайдалану ережелерін;
- 3.3.9. Сапа және экология саласындағы саясатты;
- 3.3.10. Өз өкілеттігі шегінде сапа және экология менеджменті жүйелерінің құжаттарын;
- 3.3.11. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі мен өндірістік санитария жөніндегі талаптарды **білуі тиіс**.

3.4. Біліктілік талаптары:

- 3.4.1. Жоғары кәсіптік немесе жоғары негізгі (бакалавриат), техникалық және кәсіптік білімі болуы тиіс, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;
- 3.4.2. Мемлекеттік тілді іскерлік деңгейінде білуі;
- 3.4.3. Компьютерде жұмыс жасай білуі;
- 3.4.4. Үнемі өз біліктілігін арттырып отыруы тиіс.

4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі

4.1. Өндірістік оқыту шебері:

- 4.1.1. Өзінің лауазымдық нұсқаулығында көзделген лауазымдық міндеттерін және Ішкі тәртіп ережесін орындамаған жағдайда ҚР-ның Еңбек кодексінде анықталған заң шегінде;
- 4.1.2. Өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзушылығы үшін ҚР-ның әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңдарында анықталған заң шегінде;
- 4.1.3. Материалдық залал келтіргені үшін ҚР-ның еңбек, қылмыстық және азаматтық заңдарында анықталған заң шегінде;
- 4.1.4. Сапа менеджменттері талаптарын, міндеттемелерін сақтамаған жағдайда жауапты болады.

4.2. Өндірістік оқыту шебері:

- 4.2.1. Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерімен өзара қарым-қатынас орнатуға;
- 4.2.2. Университет ректорының институт қызметіне қатысты шешімдерінің жобаларына қатысып, танысуға өкілетті.

4.3. Өндірістік оқыту шебері:

- 4.3.1. Өзінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін университет басшылығынан қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге;
- 4.3.2. Кәсіби біліктілік деңгейін арттыруға;
- 4.3.3. Ректорат, Ғылыми Кеңес пен сапа жөніндегі Басқарушы Кеңесте менеджмент жүйесін жақсарту мақсатында ұсыныстар енгізуге;
- 4.3.4. Жылына 30 күнтізбелік күн көлеміндегі ақылы еңбек демалысын алуға;
- 4.3.5. Кәсіби жағынан өзінің абыройы мен қадыр -қасиетін қорғауға;
- 4.3.6. Қызметтегі жетістігі үшін материалдық және моральдық жағынан көтермелеуге;
- 4.3.7. Өзінің құзіреттілігіне қатысты мәселелер бойынша құрылымдық бөлімшелермен өзара іс-әрекетін жүзеге асыруға **құқылы**.

5. Құжаттама

6. Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V;
ҚР «Білім туралы» Заңы 27.07.2007 ж. № 319;
ҚР «Ғылым туралы» заңы 8 ақпан 2011 ж. № 407-IV;
ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы 11 шілде 1997 ж. № 151.;
ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. № 410-V;
ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;
«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» КеАҚ Жарғысы;
Университеттің ішкі тәртіп ережесі СМЖ.08.ҚЕ.06;
ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар.